

Жанр (французша «genre») – ерекше қасиеттерге ие пішін мен мазмұннан біріккен шығарма түрі.

Жүйе «система» грек тілінде «systēma» – бөлшектерден құралған бүтін, яғни «біріккен» деген мағына береді.

**Жалпы: “Бір бүтіндікті құрайтын, өзара байланыстағы көп элементтердің жиынтығы”**

# Жанр 3-ке бөлінеді:

- 1) Ақпараттық,
- 2) Сараптамалық
- 3) Көркем —  
публицистикалық

## Академик Д.С. Лихачев:

- «Журналистика жанрлары бір-біріне тәуелді. Олар өзгеріп біртұтас жүйені құрайды. Журналистика жанрларының жүйесі қоғамның саяси өмірімен біте қайнаса отырып дамиды»

Жанрларда ақпаратты ұсынудың  
үш негізгі түрі бар:

- - дәйектерді хабарлау;
- - деректер мен оқиғалардың өзара  
интерпретациясы;
- - деректер мен оқиға желісін  
көркем-публицистикалық  
жағынан ашу.

Ақпаратты берудің бұл әдістері баспасөз, телерадиожурналистиканың үш негізгі жанр топтарының пайда болуына септігін тигізді:

- 1. **Ақпараттық** – хабар-ошар, заметка, сұхбат, репортаж, есеп.
- 2. **Сараптамалық** - корреспонденция, комментарий, әңгіме, шолу.
- 3. **Көркем-деректі (публицистикалық)** - очерк, фельетон, деректі драма және телерадиокомпозиция.

## М.М. Бахтиннің пікірінше:

«Жаңа пайда болған жанр бұрыннан келе жатқан жанрдың орнын баса алмайды. Керісінше, өзінше реңк беріп, толықтыра түседі. Жанр санын көбейтіп сапасын жақсартады»

- Біріншіден, журналистің өзіндік тұлғасы, кәсіби дайындығы, тәжірибесі.
  - Екіншіден, уақыт талабы, баспасөздің, телерадиокомпаниялардың қоғамдық-саяси ұстанымы сынды бірнеше фактордан тұратын жүйеге байланысты.
-

Жалпы журналистиканың жанрлары табиғатына қарай үшке бөлінеді:

- 1. Ақпараттық жанрлар
- 2. Талдамалы жанрлар
- 3. Көркем-публицистикалық жанрлар



Француз жазушысы  
Александр Дюманың  
метафорасы:

- Көркем әдебиет  
шығармашылығындағы  
дерек – бұл «суретшінің өз  
суретін ілетін шегесі»

## Журналистика теориясында жанрлар дәстүрлі үш топқа бөлінеді:

- **1) Ақпараттық жанрларға:** хабар-ошар, репортаж, есеп, сұхбат т.б. жатады. Бұл жанрдың негізіне дерек, оқиға алынып, жедел түрде оқырманға жеткізіледі. Бұл кең таралған жанрлар журналға қарағанда газет беттеріне, телерадио материалдарына лайық саналады.
- **2) Талдамалы жанрларға:** хат, корреспонденция, мақала, рецензия, шолу т.б. жатады. Мұнда тек ақпарат беріліп қоймай, болған оқиға, құбылыс кең көлемде қамтылып, талданып, мәселеге терең зерттеу жүргізіледі.
- **3) Көркем-публицистикалық жанрларға:** суреттеу, очерк, фельетон, памфлет т.б. жатады. Жанрлардың бұл тобында жеделдік екінші орынға шығады. Керісінше, көркем бейнелеулер, образдылық, эмоциональды әрекет арқылы оқырманға әсер ету бірінші орында тұрады.

- **Ақпараттық жанрлар:** телесюжет, ақпарат, сұхбат, репортаж, есеп, кадрдегі сөйлейтін сөз
- **Талдамалы жанрлар:** телешоу, телекомментарий, телеэңгіме, телекорреспонденция, сөз сайысы, баспасөз маслихаты
- **Деректі-көркем жанрлар:**

Телеочерк, эссе, суреттеме, сатиралық жанрлар, деректі телефильмдер, көркем телефильмдер

**Тележурналистиканың пішіндері:** ақпараттық-сараптамалық бағдарлама, ток-шоу, ойын-сауықтық бағдарлама, ғылыми-танымдық бағдарлама, конкурстық бағдарлама

Ғалым В. Ученова:

«Жанрлардың  
арасындағы баю, өзгеру  
үрдісі 70-нші жылдардың  
орта шенінен басталады»

М. Барманқұлов:

- «... Жанр дегеніміз – дамып отыратын түсінік. Кешегі жанр бүгінгіден басқаша болып еді, ал ертеңгі күнгі оның сұлбасы тағы да өзгеше көрінуі мүмкін»

- 1960-ншы жылдары **телевизиялық журнал** танымалдыққа ие болса,
- 1970-1990 жылдары **хабар, әңгіме, сұхбат, репортаж, очерк, шолу жанрлары,**
- 1990-2000 жылдары **түсініктеме, пікірталас, тікелей хабар, теле-думан үстемдікке ұмтылыс танытты.**

## М. Барманқұлов жанрлар эволюциясы:

- а) жойылу (декрет, мәлімдеме, манифест, декларация),
- ә) қайта келу (репортаж, сұхбат),
- б) қайта түрлену және жаңа мазмұнмен толығу (публицистикалық шолу),
- в) дәстүрлі жанрлардағы өзгеріс,
- г) жанрдың басқаша мағынаға ие болуы»

## 1958-1990 жылдардағы телехабарлардың негізгі пішіндерін:

Телевизиялық жинақ, телеплакат, лекция, телевизиялық анықтама, телеспектакль, телепастановка, телетолғау, телевизиялық клуб, телефестиваль, телеальманах, телеконференция, телеэкспедиция, телевикторина, телекалендарь, телевизиялық рейд, киносаяхат, кинопанорама, калейдаскоп, көрермендер хаттары, анкета, эстрадалық программа, концерт-әңгіме, поэзия театры, лирикалық минуттар, фильм-концерт, фильм-спектакль, пьеса-хроника, телекөрермендердің сұрақтарына жауаптар, жиналыс, конференция, лекторий, косултатция, музыкалық-әдеби викторина, музыкалық сәлемдеме, әдеби-музыкалық композиция, әдеби театр, поэзи театры, драмалық телеқойылымдар, музыкалық телеқойылымдар, шығармашылық портреттер, театр, кино қойылымдарына қысқаша аннотация, эстрадалық программалар құрады.



# 1958-1990 жылдардағы жанрлар:

Тележурнал, телехабар, теле  
жаңалықтар, телехроника, теле  
әңгіме, телешоу, телеочерк, пікір  
талас, баспасөз конференциясы,  
телесұхбат, корреспонденция,  
суреттеме, теле фельетон,  
телефильм

## Журналистика жанрлары

Зерттеуші Лев Кройчик журналистика жанрларын былай бөледі:

- • Оперативті-ақпаратты - жазбалардың барлық түрі.
- • Оперативті-зерттеушілік - отчет, репортаж, интервью.
- • Зерттеушілік-ақпаратты - рецензия, корреспонденция, комментарий.
- • Зерттеушілік - мақала, хат.
- • Зерттеушілік-бейнелеу - фельетон, эссе.

Семен Гуревич былай бөлген:

- • Ақпараттық жаңалықтар жанры
- • Диалогты жанр
- • Ситуациялық-аналитикалық жанр
- • Эпистолярлық жанр
- • Көркем публицистикалық жанр
- • Сатиралық жанр

Ал, көптеген журналистер мен зерттеушілер жанрларды былай бөледі:

1. Ақпараттық - хроника, ақпарат, интервью т.б;
2. Аналитикалық - корреспонденция, комментарий, мақала, хат т.б;
3. Көркем публицистикалық - эссе, очерк, фельетон т.б;
4. Шоу-жанр - ток-шоу, реалити-шоу, ойындар т.б.